

## Кедендік ресімдерді қолданудың кейбір мәселелері туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 203 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 155-бабының 5-тармағына, 163-бабының 4-тармағына, 236-бабының 3-тармағына, сондай-ақ 243-бабының 8-тармағының екінші абзацына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

### 1. Қоса беріліп отырған:

Кеден қоймасының кедендік ресімі қолданылмайтын тауарлардың тізбесі;

Кедендік аумақта кедендік өндеу ресімі қолданылмайтын тауарлар тізбесі;

Бұрын Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетілген, осындай тауарлардың кедендік кері импортына орналастырылған мерзімдері көрсетіле отырып, кедендік экспорт ресімі қолданылған тауарлар санаттарының тізбесі;

Бажызыз сауда кедендік ресімі қолданылмайтын тауарлар тізбесі бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес тізім бойынша Кеден одағы Комиссиясы мен Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы

T. Саркисян

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2018 жылғы 11 желтоқсандағы  
№ 203 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

## Кеден қоймасының кедендік ресімі қолданылмайтын тауарлардың ТІЗБЕСІ

1. Қосылыштардың және бұйымдардың барлық түріндегі радиоактивті изотоптар, басқа редиоактивті заттар, сондай-ақ ашық түрдегі кеден қоймаларында сақтауға арналған приборлар мен жабдықтардың құрамына кіретін радиоизотопты бұйымдар.

2. Жарылғыш заттар мен оқ-дәрілер.

3. Ашық түрдегі кеден қоймаларында сақтауға арналған қару-жарак, әскери жабдықтар, әскери техника, оларды жасауға арналған арнайы жиынтықтаушы бұйымдар.

4. Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттаманың 4-тармағында (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 7 қосымша) көзделген, үшінші елдермен саудада тарифтік емес реттеу

шаралары қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне сәйкес кеден қоймасының кедендік рәсіміне орналастыруға жол берілмейтін өзге де тауарлар.

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2018 жылғы 11 желтоқсандағы  
№ 203 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

## **Кедендік аумақта кедендік өндірісінде қолданылмайтын тауарлардың ТІЗБЕСІ**

Тауардың атауы	ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес тауардың коды
1. Ұйытылмаған этил спирті, 80 айн. % немесе одан астам спирт қоспасымен; ұйытылмаған этил спирті, 80 айн. % қоспасымен	2207-ден, 2208-ден
2. Фармацевтикалық субстанциялар ретінде пайдаланылатын, оларға қатысты Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне сәйкес берілетін корытынды алынған метанолды және органикалық химиялық қосылыстарын қоспағанда, галогенделген, сульфирленген, нитроленген спирттер немесе олардың нитратталған туындылары	2905-ден
3. Биодизель және оның битуминоз жыныстарынан алынған, құрамында 70 сал.% кем болатын мұнай өнімдері немесе мұнай бар немесе жоқ қоспалары	3826 00

Ескерту: 1. Тауардың номенклатуrasesы ЕАЭО СЭҚ ТН сыныптауыш кодымен де тауардың атауымен де айқындалады.

2. Осы тізбеге енгізілмеген өзге тауарлар бөлігінде Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттаманың (Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 7 қосымша) 4-тармағында көзделген тауарлардың бірыңғай тізбесін қолдану керек, оларға үшінші елдермен саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылады және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне сәйкес Кедендік аумақта оларды кедендік өндірісінде орналастыруға жол берілмейді.

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2018 жылғы 11 желтоқсандағы  
№ 203 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

**Бұрын Еуразиялық экономикалық одақтың кедендей аумағынан әкетілген, осындай тауарлардың кедендей көрсетіле отырып, кедендей экспорт ресімі қолданылған тауарлар санаттарының тізбесі**

Tауар санаттары	Тауарларды көрі импорт кедендей ресімімен орналастыру мерзімі
1. Бұрын Еуразиялық экономикалық одақтың кедендей аумағынан әкетілген, құрылышқа, өнеркәсіп өндірісіне, пайдалы казбаларды өндіруге және осындай басқа да мақсаттарға арналған, оларға қатысты кедендей экспорт ресімі қолданылған тауарлар (бұдан әрі тиісінше тауарлар, Одақ)	тауарларды Одақтың кедендей аумағынан нақты әкеткен күннің келесі күнінен бастап 10 жыл өткенге дейін
2. Одақтың кедендей аумағынан тыс жерлердегі дипломатиялық өкілдіктердің, консулдық мекемелердің және Одаққа мүшес мемлекеттердің (бұдан әрі – мүшес мемлекеттер) өзге де ресми өкілдіктерінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған тауарлар	тауарларды Одақтың кедендей аумағынан нақты әкеткен күннің келесі күнінен бастап 5 жыл өткенге дейін
3. Мүшес мемлекеттердің авиакұрылышы кәсіпорнының өнімдері болып табылатын тауарлар (самолеттер, вертолеттер, оларға авиациялық қозғалтқыштар, осындай самолеттерді, вертолеттерді, авиациялық қозғалтқыштарды жөндеу және (немесе) техникалық қызмет көрсету үшін қажетті басалқы бөлшектер мен жабдықтар)	тауарларды Одақтың кедендей аумағынан нақты әкеткен күннің келесі күнінен бастап 15 жыл өткенге дейін
4. Бұрын Одақтың кедендей аумағынан әкетілген, оларға қатысты кедендей экспорт ресімі қолданылған, мүшес мемлекеттердің автомобиль өнеркәсібінің өнімдері болып табылатын, жолсыз жерлермен журуге арналған, 40 тонна жүк алғып жүре алатын автомобиль-самосвалдар	тауарларды Одақтың кедендей аумағынан нақты әкеткен күннің келесі күнінен бастап 10 жыл өткенге дейін

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2018 жылғы 11 желтоқсандағы  
№ 203 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

### **Бажсыз сауда кедендей ресімі қолданылмайтын тауарлар ТІЗБЕСІ**

1. Әскери мақсатқа арналған өнімдер, оқ-дәрілер, әскери жабдықтар.
2. Өндірістік және әскери техникалық мақсаттағы тауарлар.
3. Ауыр салмақты тауарлар (салмағы 20 кг асатын) және көлемі үлкен тауарлар (ұзыны мен биіктігін қосқанда 200 см асатын).
4. Ұйытылмаған этил спирті, 80 айн. % немесе одан астам спирт қоспасымен; ұйытылмаған этил спирті, 80 айн. % қоспасымен.
5. Бөлшек саудаға арналған, тұтыну ыдысына салынбаған тауарлар.
6. Мыналарды:

балық және шаян тәріздес балықтан, моллюскалардан және басқа да суда жүзетін омыртқасыз балықтан жасалған, бөлшек саудаға арналған оралған және тұтынуға дайын, салмағы 0,5 кг аспайтын өнімдерді, олардан алынатын уылдырықтарды (бекіренің уылдырығынан басқа);

орамадағы салмағы 0,25 кг аспайтын, 1973 жылғы З наурыздағы Жойылып кету қаупі бар жабайы фауна және флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияға сәйкес аранайы маркаланған бекіре балық түрлерінің уылдырығын;

сувенирлерді немесе қағаздан, ағаштан және (немесе) металлдан жасалған халықтық кәсіпшілік бұйымдарын қоспағанда, кедендей әкету баждары салынатын Еуразиялық экономикалық одактың тауарлары.

7. Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттаманың (Еуразиялық экономикалық одак туралы шартқа № 7 қосымша) 4-тармағында көзделген тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген, оларға үшінші елдермен саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне сәйкес Кедендей әкету оларды кедендей өңдеу рәсімімен орналастыруға жол берілмейтін өзге де тауарлар.

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2018 жылғы 11 желтоқсандағы  
№ 203 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

## **Кеден одағының Комиссиясы мен Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының күші жойылды деп танылған шешімдерінің ТІЗБЕСІ**

1. Кеден одағы Комиссиясының "Кедендей әкету оларды кедендей өңдеу рәсімінде қолданудың кейір мәселелері туралы" 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 375 шешімінің 1-тармағының 1, 2, 7, 8 және 9-тармақшалары.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тарифтік емес реттеу шараларындағы нормативтік құқықтық актілер туралы" 2012 жылғы 16 тамыздағы № 134 шешімінің № 3 қосымшаның 4-тармағы.

3. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 375 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2013 жылғы 15 қазандағы № 224 шешімі.

4. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 375 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2014 жылғы 21 қазандағы № 190 шешімі.

5. Кеден одағының Комиссиясы мен Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының шешіміне енгізілетін өзгерістердің 1-тармағының "а" тармақшасының төртінші абзацы, "б", "в", "з" - "к" тармақшалары ("Кеден одағы Комиссиясының 2010

жылғы 20 қыркүйектегі № 375 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2017 жылғы 14 қарашадағы № 147 шешіміне қосымша және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сөуірдегі № 30 шешімі).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК